


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ҚАҒИДА

2025 ж. 30 сәуір

дата

Алматы қ.

ПРАВИЛА

№ 17-04-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітілген

төраға

Г. Тасбергенова

№ 10 хаттама «30» сәуір 2025 ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

Дайындаған:			
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы		Н. Ертаева	30.04.2025
Келісілді:			
Академиялық мәселер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	30.04.2025
Compliance officer		Г. Джагупарова	30.04.2025
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің бастығы		А. Сарымсакова	30.04.2025
Заң секторының бастығы		Д. Мамедова	30.04.2025
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР:	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. КУРСТАН КУРСҚА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ	6
3. БАСҚА ЖОО-НАН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНАН КОНСЕРВАТОРИЯҒА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ	6
4. КОНСЕРВАТОРИЯДАН БАСҚА БАСҚА ЖОО-ҒА ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ	7
5. БІР БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНАН ЕКІНШІСІНЕ АУЫСУ ТӘРТІБІ	8
6. БІР ТІЛ БӨЛІМІНЕН БАСҚА ТІЛ БӨЛІМІНЕ АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ	9
7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	10
8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ	11
ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ	11
9. АЙЫРМШЫЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ҮШІН КРЕДИТТЕРДІ, САҒАТТАР МЕН ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ АУДАРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	12
10. ТҮЗЕТУЛЕР	15
11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ	15
1 ҚОСЫМША	17
12. ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ ПАРАҒЫ	19
13. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	20

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 2 беті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР:

Құрманғазы атындағы ҚҰК – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

РММ – Республикалық мемлекеттік мекеме

ЖОКББ – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары

АМЖҚ – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет

ТО – Тіркеуші-офис

САБ – Семестрлік аралық бақылау

ЖОКБББ – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 3 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қолданыстағы **Ереже** – «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РМҚК (бұдан әрі – Консерватория) білім алушыларын курсынан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан басқаға, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру, академиялық демалысқа жіберу және оны қайта қалпына келтіру тәртібін айқындайды.

2. Ережелер келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

а) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

в) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы);

г) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы);

д) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының үлгілік қызмет қағидалары (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);

е) Ресми емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы);

ж) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға арналған білім беру грантын тағайындау қағидалары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы);

з) Білім туралы құжаттарды тану қағидалары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығы).

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (ЖООКББҰ) білім алушысы жеке оқу жоспарына сәйкес игеріліп жатқан білім беру бағдарламасының алғашқы академиялық кезеңін толық аяқтаған жағдайда ғана басқа оқу орнына ауыстырылады немесе оқудан шығарылғаннан кейін қайта қалпына келтіріледі.

4. Консерваторияға білім алушыларды ауыстыру және қайта қалпына келтіру «Өнер» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады.

5. Білім алушылардың ауысу және қайта қалпына келтіру туралы өтініштері Консерватория Ректоры тарапынан жазғы және қысқы каникул кезеңінде қаралады.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 4 беті

Онымен қоса, төтенше жағдай енгізілгенде, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты, қарулы немесе әскери қақтығыстар орын алған жағдайда, шет елдердегі ЖООКББҰ-дан Қазақстан Республикасы азаматтары мен қандастарды ауыстыру және қайта қалпына келтіру оқу жылы барысында жүзеге асырылады.

6. Білім алушыны Консерваторияға ауыстыру кезінде дайындық бағыты, білім беру бағдарламасының профилі, оқу жетістіктері және академиялық адалдықты бұзу фактілері ескеріледі.

7. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру кезінде олар әрі қарай оқитын курс пререквизиттерді ескере отырып анықталады.

8. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру кезінде оқу нәтижелерін қайта есептеу үшін Консерваторияда тиісті комиссия құрылады. Комиссия құрамына кафедра меңгерушісі, декан, оқу жоспарын жоспарлау бөлімінің басшысы, академиялық мәселелер қызметінің жетекшісі және академиялық мәселелер жөніндегі проректор кіреді.

9. Жұмыс оқу жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылық деканат тарапынан оқу жоспарын жоспарлау бөлімімен келісіліп, транскриптте немесе оқуын аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада көрсетілген пәндердің тізімі, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттар немесе кредит түріндегі көлемі негізінде анықталады. Бұл «Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу жоспарлары пәндері бойынша айырмашылықты есептеу әдістемесіне» сәйкес жүзеге асырылады, оны Консерваторияның Ғылыми кеңесі бекіткен.

10. Игерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, пәндер тізімінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттерді және оқу нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

11. Жұмыс оқу жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы аталған пәндерге тіркеліп, академиялық кезең бойы барлық оқу сабақтарына қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерінен өтеді және қорытынды бақылауға жіберіледі.

12. Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу кестесіне енгізілмесе, білім алушы оларды жазғы семестрде оқиды.

13. Қазақстан тарихы пәні бойынша айырмашылық (мемлекеттік емтихан) бекітілген кестеге сәйкес кезекті аралық аттестация (емтихан сессиясы) кезеңінде тапсырылады.

14. Жұмыс оқу жоспары пәндері бойынша жазғы семестрде жойылмаған академиялық айырмашылық әрі қарай академиялық қарыз ретінде есептеледі.

15. Білім алушыны шетелдік білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру кезінде игерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ алдыңғы білім беру деңгейін аяқтағанын растайтын құжат ұсынылады. Бұл құжат Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес танылуға жатады. Аталған қағидалар Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 5 беті

2. КУРСТАН КУРСҚА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ

16. Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру оқу жылының (аралық аттестациялардың) қорытындылары, жазғы семестр нәтижелері және орташа оқу үлгерімі баллы (GPA - Grade Point Average) ескеріле отырып жүзеге асырылады.

17. Білім алушыларды курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты – олардың орташа оқу үлгерімі баллының (GPA - Grade Point Average) жоғары оқу орнында белгіленген ауысу балынан төмен болмауы.

18. Бұл ретте студент Консерваторияда белгіленген ауысу балынан төмен емес GPA-ға ие болуы тиіс:

Бакалавриат бойынша ауысу балы:

Бірінші курстан екінші курсқа – 2,00;

Екінші курстан үшінші курсқа – 2,20;

Үшінші курстан төртінші курсқа – 2,40.

Магистратура бойынша ауысу балы:

Бірінші курстан екінші курсқа – 2,5.

19. Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру ЖжЖООКББҰ басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

20. Білім беру гранты немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) негізінде оқитын, белгіленген ауысу балын жинаған және келесі курсқа ауысқан білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда, оны ақылы түрде жояды, бұл ретте білім беру гранты немесе мемлекеттік тапсырыс бойынша орны сақталады.

3. БАСҚА ЖОО-НАН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНАН КОНСЕРВАТОРИЯҒА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ

21. Басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан (ЖжЖООКББҰ) студенттер мен магистранттарды Консерваторияға ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

22. Білім алушының жеке ісінде міндетті түрде Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификаты (бакалавриат үшін) немесе кешенді тестілеу (КТ) сертификаты (магистратура үшін), сондай-ақ шығармашылық емтихандарды тапсырғаны туралы үзінді болуы қажет – бұл талап шетелдік ЖжЖООКББҰ-дан ауысып келгендерге қолданылмайды.

23. Басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан (ЖжЖООКББҰ) Консерваторияға білім алушыны ауыстыру келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) консерваторияға ауысқысы келетін білім алушы өзі оқып жатқан оқу орнының басшысының атына еркін түрде өтініш жазады және мөрмен бекітілген жазбаша келісімді алғаннан кейін Консерватория ректорының атына жүгінеді;

2) Консерватория ректорының атына жазылған өтінішке ректор, тіркеу офисі/ЖООКББС, декан қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі, білім алған оқу орны басшысының атына жазылған өтініштің көшірмесі (қол қойылған және мөр басылған қоса тіркеледі);

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 6 беті

3) Ұсынылған құжаттар негізінде факультет деканы оқу жоспарын жоспарлау бөлімімен келісе отырып, оқу жоспарларындағы пәндер бойынша айырмашылықты анықтайды. Игерілген пререквизиттерге сәйкес білім алушының оқитын курсы белгіленеді, игерілген кредиттер қайта есептеледі және білім алушының жеке оқу жоспары бекітіледі;

4) Білім алушының өтініші кафедра меңгерушісі, факультет деканы, тіркеу офісі/ЖООКББС басшысы, академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы және академиялық мәселелер жөніндегі проректор тарапынан визаланғаннан кейін, Консерватория ректоры білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

24. Бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тіркеу офісі / ЖООКББС Консерватория ректоры қол қойған жазбаша сұрау-хатты білім алушы бұрын оқыған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖжЖООКББҰ) жолдайды. Сұрау-хатқа білім алушыны ауыстыру арқылы қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса тіркеледі.

25. Білім алушы бұрын оқыған ЖжЖООКББҰ басшысы мұндай сұрау-хатты алғаннан кейін «Құрманғазы атындағы ҚҰК-на ауысуына байланысты оқудан шығарылды» деген тұжырыммен білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушының жеке ісін Консерваторияға жолдайды.

26. Білім алушы оқыған ЖжЖООКББҰ-да транскрипттің көшірмесі, студенттік билет және жөнелтілген құжаттардың тізімі сақталады.

27. Консерваторияға шетелдік ЖжЖООКББҰ-нан білім алушыларды ауыстыру келесі шарттар негізінде жүзеге асырылады: тиісті білім беру деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының орналастырылуы; халықаралық мамандандырылған аккредитация – MUSIQUE (Music Quality Enhancement) болуы; білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредитациялық органдары қауымдастығының тізіліміне енгізілген ұлттық аккредитациялық орган – Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігі (НААР / IAAR) аккредитациясының болуы.

4. КОНСЕРВАТОРИЯДАН БАСҚА БАСҚА ЖОО-ҒА ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ

28. Белгілі ЖжЖООКББҰ-на бекітілген білім беру гранты бойынша мақсатты орындарға қабылданған студенттер және бөлінген квота шегіндегі педагогикалық білім беру бағдарламалары тек ақылы негізде басқа ЖжЖООКББҰ-ға ауыса алады.

29. Магистранттар тек ақылы негізде басқа ЖООКББҰ-ға ауыса алады.

30. Консерваториядан басқа ЖжЖООКББҰ-на білім алушыны ауыстыру тәртібі төмендегідей жүзеге асырылады:

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 7 беті

1) ауысқысы келетін білім алушы Консерватория ректорының атына ауысу туралы еркін өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғаннан кейін қызықтырған ЖжЖООКББҰ басшысына жүгінеді;

2) қабылдайтын ЖжЖООКББҰ басшысының атына жазылған ауысу өтінішіне ректор, тіркеу офісі/ЖООКББС, декан қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі және Консерватория ректорының атына жазылған өтініштің (қол қойылған және мөр басылған) көшірмесі қосылады;

31. Ауыстырылатын ЖжЖООКББҰ-ның басшысы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұрынғы Консерваторияға білім алушының жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұрау жібереді. Сұрауға ауысу туралы бұйрықтың көшірмесі тіркеледі.

32. Бұрын оқыған Консерватория тіркеу офісі мұндай сұрау алған соң «(ЖжЖООКББҰ атауы) ауысуына байланысты оқудан шығарылды» деген тұжырыммен оқудан шығару бұйрығын шығарып, үш жұмыс күні ішінде оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап білім алушының жеке ісін қабылдаушы ЖжЖООКББҰ-на жібереді.

33. Консерваторияда транскрипт көшірмесі, студенттік билет және жіберілген құжаттар тізімі қалады.

34. Егер ЖжЖООКББҰ лицензиясынан айрылса немесе лицензияға қосымшасы қайтарылса, немесе ұйым жабылса, білім алушы ағымдағы семестр ішінде лицензиядан айрылу немесе ұйым жабылу күнінен бастап немесе жазғы және қысқы каникулдар кезеңінде басқа ЖжЖООКББҰ-на ауыстырылады.

35. Консерваториядан шығармашылық дайындығын талап ететін білім беру бағдарламалары тобына жататын топтан басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысу үшін, білім алушыда 2018 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау үлгілік ережелеріне сәйкес белгіленген межелі баллдан төмен емес біртұтас ұлттық тестілеу сертификаты болуы керек.

5. БІР БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНАН ЕКІНШІСІНЕ АУЫСУ ТӘРТІБІ

36. Білім алушының бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына ауысуға құқығы бар, ол оның қабылдану және оқу шарттарына (төртінші пәнге сәйкестігі, шығармашылық емтихандар бойынша, өту баллы бойынша, оқу формасы бойынша, білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтихандарына қойылатын талаптар бойынша) байланысты.

37. Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екінші бағдарламаға ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

38. Білім беру гранты бойынша оқитын және оқу кезінде алған ауруына байланысты осы білім беру бағдарламасында оқуға тыйым салынғаны жөніндегі дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының қорытындысы бар білім алушы бос орын

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
20 беттің 8 беті	

бар білім беру тапсырысы шеңберіндегі басқа білім беру бағдарламасына ауыстырылады.

39. Білім алушының ауысуы Консерватория ректорының атына өтініш беру арқылы басталады.

40. Консерватория ішінде бір білім беру бағдарламасынан екінші бағдарламаға ауысу тәртібі:

1) білім алушы Консерватория ректорының атына ауысу туралы еркін өтініш береді;

2) Консерватория ректорының атына жазылған өтінішке ректор, тіркеу офисі/ЖООКББС, декан қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмелері тіркеледі;

3) факультет деканы ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарын жоспарлау бөлімімен келісіп, оқу жоспарындағы пәндердің айырмашылығын анықтайды, игерілген пререквизиттерге сәйкес оқитын курсты белгілейді, игерілген кредиттерді білім беру бағдарламасына сәйкес қайта есептейді және білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

4) Білім алушының өтініші кафедра меңгерушісі, факультет деканы, тіркеу офисі/ЖООКББС басшысы, академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы және академиялық мәселелер жөніндегі проректор визасынан өткен соң, Консерватория ректоры ауысу туралы бұйрық шығарады;

5) Бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тіркеу офисі/ЖООКББС бұрынғы оқу орнынан білім алушының жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұрау жолдайды. Сұрауға ауысу туралы бұйрықтың көшірмесі қосылады.

6. БІР ТІЛ БӨЛІМІНЕН БАСҚА ТІЛ БӨЛІМІНЕ АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ

41. Білім алушы оқу шарттарына байланысты бір тіл бөлімшесінен екінші тіл бөлімшесіне ауысуға құқылы.

42. Білім алушының ауысуы Консерваторияның академиялық мәселелер жөніндегі проректорының атына өтініш беру арқылы басталады. Өтініште оқу жұмыстарының жетекшісі (ТР) сол кезде аталмыш курстың тіл топтарындағы білім алушылар саны туралы визасын қояды; кафедра меңгерушісі мен декан жүктемеге қалай әсер ететіні туралы ақпарат береді; академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы (АМЖҚ) келісіп, шешім ұсынады.

43. Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың шешіміне сәйкес, ол өтініште көрсетіледі де, бұйрық шығарылады. Бұйрық оқу жұмыстарының бөлімшесіне және деканатқа жіберіледі.

44. Білім алушылардың бір тіл бөлімшесінен екінші тіл бөлімшесіне ауысу туралы өтініштері академиялық мәселелер жөніндегі проректор тарапынан жазғы және қысқы каникул кезінде, келесі академиялық кезең басталғанға бес күн қалғанда қаралады.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 9 беті

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

45. Білім алушыны Консерваторияға қайта қабылдау тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

46. Білім алушыны Консерваторияға қайта қабылдау рәсімі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушыны қайта қабылдау Консерватория ректорының атына өтініш беру арқылы басталады;

2) бұрынғы білім алушы өзі оқыған білім беру бағдарламасы бойынша факультет деканына қайта қабылдану ниеті туралы хабарлайды;

3) факультет деканы үміткердің транскриптін алу үшін тіркеу офисі/ЖООКББС-на өтінішпен жүгінеді;

4) тіркеу офисі/ЖООКББС қызметкері өтініш берушінің жеке ісін мұрағаттан алу үшін кеңсеге өтініш жазады;

5) тіркеу офисі/ЖООКББС қызметкері мұрағаттан алынған бұрын игерілген кредиттерді қазақстандық кредиттерге (ECTS) баламалап, осы Ереженің 9-бөліміндегі тармақтарға сәйкес қайта есептейді және факультет деканына тапсырады;

6) факультет деканы Консерваторияның оқу жоспарын жоспарлау бөлімімен келісіп, ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы пәндер бойынша айырмашылықты анықтайды, игерілген пререквизиттерге сәйкес оқитын курсты белгілейді, кредиттерді білім беру бағдарламасына сәйкес қайта есептейді және Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу жоспарлары пәндері айырмашылығын есептеу әдістемесіне сәйкес жеке оқу жоспарын бекітеді (Консерваторияның Ғылыми кеңесімен бекітілген);

7) пәндер бойынша қайта есептеу құжаты декан, кафедра меңгерушісі, академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы (АМЖҚ) және академиялық мәселелер жөніндегі проректор визаларымен тіркеу офисі/ЖООКББС-ға тапсырылады;

8) деканат пен академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің келісімі негізінде есептеулер жасалғаннан кейін, бұрынғы білім алушы Консерватория ректорының атына еркін түрде қайта қабылдау туралы өтініш береді;

9) ректордың атына жазылған өтінішке архивтен алынған, ректор мен тіркеу офисі/ЖООКББС басшысы, декан қол қойған және мөрмен расталған транскрипт көшірмесі қоса тіркеледі.

47. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, тіркеу офисі/ЖООКББС басшысы, АМЖҚ басшысы және академиялық мәселелер жөніндегі проректор визалаған өтініш негізінде білім алушыны қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

48. Оқу барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеруге шақырылған білім алушылар тиісті курсқа қайта қабылданады. Бұл ретте, Консерватория сол оқу жылында тапсыруға қажетті пререквизиттер тізімін анықтайды.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 10 беті

8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

49. Академиялық демалыс – бұл білім беру ұйымдарында (студенттер, магистранттар, тыңдаушылар, докторанттар) білім алушылардың медициналық көрсетілімдер бойынша оқуын уақытша тоқтату кезеңі.

50. Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы Консерватория ректорының атына өтініш береді және 51-тармақта көзделген құжаттарды ұсынады.

51. Академиялық демалыс білім алушыларға келесі негіздер бойынша беріледі:

1) амбулаториялық-поликлиникалық ұйым жанындағы дәрігерлік-кеңестік комиссияның (бұдан әрі – ДКК) ауру бойынша 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге қорытындысы негізінде;

2) әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы негізінде;

3) баланың туғаны, асырап алынуы (қыз асырап алу) жағдайында, бала үш жасқа толғанға дейін.

52. Академиялық демалыс беру туралы бұйрық демалыстың басталуы мен аяқталу мерзімі көрсетіліп, ұсынылған құжаттардың негізінде тіркеу офисі/ЖООКББС тарапынан үш жұмыс күні ішінде шығарылады.

53. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін, егер демалыс денсаулық жағдайына байланысты берілген болса, білім алушы Консерватория ректорының атына өтініш береді және денсаулығы туралы, оқуын жалғастыру мүмкіндігі көрсетілген медициналық ұйымнан алынған ДКК анықтамасын ұсынады.

54. Білім алушыны академиялық демалыстан шығару туралы бұйрық тіркеу офисі/ЖООКББС тарапынан ұсынылған құжаттар негізінде, білім беру бағдарламасы, курсы және тобы көрсетіліп, үш жұмыс күні ішінде шығарылады.

55. Факультет деканы Консерваторияның оқу жоспарын жоспарлау бөлімімен келісе отырып, ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы пәндер бойынша айырмашылықты анықтайды, игерілген пререквизиттерге сәйкес оқитын курсты белгілейді, кредиттерді білім беру бағдарламасына сәйкес қайта есептейді және Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу жоспарлары пәндері айырмашылығын есептеу әдістемесіне сәйкес жеке оқу жоспарын бекітеді (Консерваторияның Ғылыми кеңесімен бекітілген).

56. Академиялық демалыстан шыққан, бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған студенттерге/магистранттарға/докторанттарға пәндер айырмашылығын өтеу ақысыз түрде жүргізіледі.

57. Академиялық демалыс ресімделген сәтте мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған студенттер/магистранттар/докторанттар демалыстан кейін оқуын мемлекеттік қаржы есебінен жалғастырады.

58. Академиялық демалыстан кейін білім алушы өзінің демалысқа шыққан курсынан (және академиялық кезеңінен) оқуын жалғастырады.

59. Егер білім алушының академиялық демалысқа шығу немесе демалыстан шығу күні академиялық кезеңнің басталуымен немесе аяқталуымен сәйкес келмесе, онда білім алушы:

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	20 беттің 11 беті

- жеке оқу кестесіне сәйкес оқу тапсырмаларын орындайды және рейтингтік бағалау үшін қажетті балл жинайды немесе жазғы семестрде пәндер айырмашылығын жою үшін тіркеледі;

- пәндер айырмашылығын жою мақсатында, ағымдағы оқу кезеңінде қатар өтіп жатқан оқу сабақтарымен бірге, барлық оқу түрлеріне қатысады, пәндер (модульдер) бойынша жұмыс оқу жоспарында қарастырылған ағымдағы және аралық бақылау түрлерін тапсырады, рұқсат алып, академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестация кезінде қорытынды бақылаудан өтеді.

9. АЙЫРМШЫЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ҮШІН КРЕДИТТЕРДІ, САҒАТТАР МЕН ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ АУДАРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

60. Оқуға қайта қабылдануға немесе ауысуға үміткер американдық кредит жүйесі (Қазақстан: 2004 жылдан бастап 2018 жылға дейін немесе шетелдік жоғары оқу орындары) бойынша қойылған пәндердің көлемімен еңбек сыйымдылығы бар академиялық анықтаманы, транскрипт немесе ведомості ұсынған жағдайда тіркеуші офисінің/ЖОКББ қызметкерлері меңгерілген кредиттерді серіктес жоғары оқу орнында оқу жұмысының түрлері және білім беру деңгейлері бойынша аудару коэффициентінің келісідей мәндеріне сәйкес қазақстандық кредиттерге (ECTS) баламалы түрде қайта есепке алуды жүзеге асырады:

Жоғары білім. Бакалавриат:

- теориялық оқыту (аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмысты ескере отырып) – 1,8;
- оқу практикасы – 0,6;
- педагогикалық практика – 1,1;
- өндірістік практика – 2,8;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау – 3,9.

Магистратура (ғылыми-педагогикалық бағыт):

- теориялық оқыту (аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмысты ескере отырып) – 2,8;
- педагогикалық практика – 1,1;
- зерттеу тәжірибесі – 4,4;
- ғылыми-зерттеу жұмысы – 4,4;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау – 3,9.

Магистратура (бейіндік бағыт):

- Теориялық оқыту (аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмысты ескере отырып) – 2,0;
- өндірістік тәжірибе – 2,8;
- эксперименттік-зерттеу жұмысы – 4,4;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау – 3,9.

Докторантура:

- Теориялық оқыту (аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмысты ескере отырып) – 3,8;

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
20 беттің 12 беті	

- педагогикалық практика – 1,1;
- зерттеу тәжірибесі – 4,4;
- ғылыми-зерттеу жұмысы – 4,4;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау – 3,9.

Ескертпе:

- Егер дөңгелектелген разрядтан кейін 0, 1, 2, 3 немесе 4 саны болса, онда дөңгелектелген Сан өзгеріссіз қалады және барлық кейінгі сандар алынып тасталады.

- Егер дөңгелектелген саннан кейін 5, 6, 7, 8 немесе 9 саны болса, онда дөңгелектелген Сан бірлікке көбейтіліп, барлық кейінгі сандар да алынып тасталады.

Мысалы, 7,41 фракциясын бірліктерге қалай жақындатуға болады. Ол үшін санды разрядпен айқындаймыз. Бұл жағдайда бұл 4. Сондықтан, Ережеге сәйкес 7 саны өзгеріссіз қалады, ал 4 және 1 сандары алынып тасталады. Яғни, біз 7-ні аламыз.

Егер бөлшек 7,62 дөңгелектенсе, онда бірліктерден кейін 6 Саны болады. Ережеге сәйкес, 7-ді 1-ге көбейту керек, ал 6 және 2 сандары алынып тасталуы керек. Яғни, нәтиже 8 болады.

Үміткер академиялық анықтаманы, транскрипт немесе еңбек сыйымдылығы, тек сағатпен қойылған пәндер көлемі бар ведомості (мысалы, Қазақстан – 2004 жылға дейін немесе желілік жүйе бойынша оқытатын Ресей) қалпына келтіруге немесе аударуға берген жағдайда, тіркеуші офисінің/ЖОКББ қызметкерлері игерілген кредиттерді 2018 жылғы МЖМБС бекіткен қазақстандық кредиттерге (ECTS) баламалы қайта есепке алуды жүзеге асырады: 1 кредит 30 сағатқа тең, тиісінше ұсынылған құжаттың әрбір пәні бойынша сағат санын 30 сағатқа бөлу қажет. Мысалы, музыка тарихы – 240 сағат = 8 кредит.

61. Дәстүрлі жүйе бойынша қойылған бағасы бар транскрипт ұсынылған жағдайда (өте жақсы, Жақсы, Қанағаттанарлық) оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың көп балдық әріптік жүйесі кестесінен (ECTS) орташа балл қолданылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%- дық мазмұн)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Мысалы: өте жақсы - 95 (A); Жақсы – 79,5 (80 – ге дейін дөңгелектеніз) /B;

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 13 беті

қанағаттанарлық - 59,5 (60 – қа дейін дөңгелектеңіз)/С -; қанағаттанарлықсыз – 25/ FХ.

62. Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды.

63. Сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54 %) бастап ең жоғарғы А (4,0; 95-100%) дейінгі диапазонда төрт балдық жүйе бойынша сандық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

64. Бұл ретте баға қойылған барлық пәндер бойынша орташа балл шығарылады. Мысалы, үміткердің құжатында 3 пән бойынша 95 балл; 20 пән бойынша – 80 балл; 10 пән бойынша – 70 балл қойылған. Орташа балды есептейміз: $285 + 1600 + 700 = 2585 : 33 = 78,3$ балл. Қорытынды бақылау нысаны бар пәндер бойынша қайта есептеу кезінде «сынақ» деген баға қоямыз: жақсы/78 балл/В-.

Ескертпе: егер өтініш берушінің сынақ кітапшасына және (немесе) оқу картасына сараланған сынақ (бағасы бар сынақ) қойылған және оқытушы/декан бұрыштама қойған жағдайда, онда бұл баға транскриптке көшіріледі және ол баға қойылмаған пәндер үшін орташа балды (66-тармақ) есептеу кезінде ескеріледі.

65. Бұл ретте, қайта қабылданушылардың транскриптінің ескі нұсқалары сағаттардың аудармасымен жаңа форматта ресімделеді, оған декан, тіркеуші офисінің/ЖООКББС басшысы, консерватория ректоры қол қояды және деканатқа, оқу жоспарын қайта есепке алу үшін беріледі.

66. Ауысатын үміткерлердің транскриптінің ескі нұсқалары сағаттардың аудармасымен жаңа форматта ресімделеді, оған тіркеуші офисінің/ЖООКББС басшысы қол қояды.

67. Әр түрлі атаулары бар, бірақ мазмұны бірдей немесе ұқсас пәндерді қайта есептеуді кафедра меңгерушісі және декан оқу жоспарлау бөлімінің, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысының келісімі бойынша жүзеге асырады. «ТО үшін транскриптпен қайта есепке алу» құжатында білім алушының ЖЖЖ үшін қандай пән қайта есепке алынғаны көрсетіледі.

Ескертпе: бұл ретте консерваторияның транскриптіінде қалпына келтірілгеннен кейін ағымдағы ЖОЖ бойынша Пәннің атауы қойылады (ОУЖҰҚ құжатында көрсетілген қайта есепке алуды ескере отырып «ОТ үшін транскриптімен қайта есепке алу»).

68. Қайта есептелген пән атауы бойынша сәйкес келмеген және қажетті көлемнен асып кеткен жағдайда, ол өз атауымен кредиттердің қалдығымен және сол бағалаумен транскриптке қосымша жазылады.

69. Егер айырмашылыққа немесе ЖОЖ-ға көлемінің бір бөлігі өткен және транскриптке қойылған пән түскен жағдайда, қалған кредиттер бойынша емтихан тапсырғаннан кейін осы бөліктердің бағалары жинақталады, орташа балл шығарылады, ол транскриптке бір рет қойылады.

70. Егер қайта есептеу кезінде көлемнен асатын пән атауы бойынша сәйкес келсе, бірақ әр түрлі семестрде тұрса, онда ол орташа бағаны қоя отырып, жалпы көлемі транскриптке жазылады.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 14 беті

10. ТҮЗЕТУЛЕР

71. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

72. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше жүргізеді.

73. Ережеге өзгерістерді өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, АМЖҚ басшысы енгізеді;

74. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін АМЖҚ жауапты болады;

75. Ережені оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор мен АМЖҚ үш жылда кемінде бір рет қайта қарайды, міндетті түрде тексеру кезеңділігін есепке алу парағына жазба енгізіледі.

76. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:

1) нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) ректордың бұйрықтары;

3) құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

4) құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

5) Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен өзгерістер енгізу себебі көрсетілген АМЖҚ басшысының қызметтік жазбасы;

77. Ереже бөлімшесінің атауы өзгерген кезде ауыстырылуы тиіс;

78. Консерваториядағы күші жойылған Ережелердің барлық даналары ауыстырылған жағдайда алынып тасталуы және жаңаларына ауыстырылуға тиіс;

79. Ескірген қағидаларды ауыстыру және алып тастау үшін Академиялық мәселелер жөніндегі проректор және ЖООКББС басшысы жауапты болады;

80. Күші жойылған қағидалар күшін жоюдың негізін, күнін, жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «күші жойылды» деген жазумен белгіленеді.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

81. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ережені келісуді АМЖҚ жүзеге асырады;

82. Ережені АМЖҚ әзірлейді.

83. Ереже мыналармен келісіледі:

1) Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

2) Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық офисінің жетекшісі;

3) Compliance officer;

4) Заң секторының жетекшісі.

84. Ережені ректор бекітеді және ол жойылғанға дейін қолданылады.

85. Ереженің түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде сақталады, оның сақталуына Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы жауапты болады.

86. Ереженің түпнұсқасымен танысу парағына қол қоя отырып, құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің Ереженің мазмұнымен жеке танысқаны

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
20 беттің 15 беті	

үшін оқу және Академиялық мәселелер жөніндегі проректор және АМЖҚ басшысы жауапты болады;

87. Жаңа қызметкерді консерваторияға жұмысқа қабылдау кезінде кадрлар бөлімі осы Ережелердің мазмұнымен міндетті түрде танысу туралы хабардар ету керек.

88. Ереженің ескерілген жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі жүзеге асырады.

89. Ереженің ескерілген жұмыс данасын бөлімшеде сақтағаны үшін АМЖҚ басшысы жауапты болады.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
20 беттің 16 беті	

Бекітемін
“Құрманғазы атындағы Қазақұлттық
консерваториясы”
РММ АМЖҚ жөніндегі проректор
_____ А.Ә.Т.
« _____ » _____ 202 _____ ж.

ФАКУЛЬТЕТ _____

Факультет атауы

**АЛДЫҢҒЫ ДЕНҒЕЙДЕГІ ФОРМАЛЬДІ/ФОРМАЛЬДІ ЕМЕС
БІЛІМ БОЙЫНША ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ**
Оқу кезеңінің толық мерзіміне

Студенттің А.Ә.Т.

Білім беру бағдарламасы: _____

БББ атауы

Оқуға түскен жылы – _____, оқу мерзімі - _____ жылы

№	Пәндер атауы	Семестр	сағат саны	ECTS кредитте р саны	Қайта есептелетін пән	Ескерту (баға)
1 - семестр						
1.						
2.						
3.						

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 17 беті

	Барлығы					
2 - семестр						
7.						
8.						
9.						
	Барлығы					
	Жиынтығы					

Декан	А.Ә.Т.
Кафедра меңгерушісі	А.Ә.Т.
АМЖҚ басшысы	А.Ә.Т.
ОЖБ басшысы	А.Ә.Т.

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
20 беттің 18 беті	

12. ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 19 беті

13. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ережелер	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау қағидалары және академиялық демалыс беру тәртібі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		20 беттің 20 беті